



Тулбаева Дарья Жуматовна
Қостанай облысы, Лисаков қаласы әкімдігі
білім бөлімінің «№3 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ САҚТАЛМАСА, ЕШҚАНДАЙ ЖАҢҒЫРУ БОЛМАЙДЫ

Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

Н.Ә.Назарбаев

Адамның кісілік қасиетінің үш өлшемі бар деседі, олар: биіктік, кеңдік және тереңдік болса керек. Осы үш өлшемге ие кісілікті адамды текті жерде, құнарлы топырақта туған деп жатады. Әлбетте әр адам туған жерінің перзенті. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішкен адам, «туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» дейді. Қазақ халқы туған ел, өскен жерді ерекше қастерлеп, қадірлейтін, «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болғанды» дұрыс көретін ұлт. Ал осы ұлттың бойында ерекше мен мұндалап тұратын, айрықша көзге түсетін байлығы- ұлттың қазақы дарқан мәдениеті. Мәдениет - жоғарыда айтылған үш өлшемнің үшеуіне де жауап беретін қазынамыз. Себебі неде? Себебі: тағы да сол-туған жер, өскен топырақта.

Ал енді сол сары даланы еңдей алып жатқан көк аспан- кара жер арасындағы мұнар биіктік, ұлан- ғайыр қазақ жерінің заңғар таулары мен мұзарт шындары қазақ халқын биік етпегенде, ірі етпегенде қайтпек? Осынау кеңдігі мен биіктігі, тереңдігі ғажайып үйлесім тапқан жер қазақ халқының құты. Мен - осы құтты жерден нәр алған, рухани, мәдени байлығы

орасан зор қазақтың ұрпағын, қазақ жастарын білім нәрімен сусындыратын қадірлі мамандық иесі –ұстаздың бірімін.

Қазіргі заманда жаңа технологиялардың дамуы және түрлі өнертабыстардың пайда болуы халықты қызықтыруда. Бұл жаңа инновацияларға қызығушылық танытатындардың басым көпшілігі жас буын өкілдері болғандықтан, бұл жаңалықтардан мектеп ұстаздары да тыс қалмайтыны анық. Жастардың болашаққа қосар үлесі ерекше, себебі олардың жаңалыққа құмарлығы арқасында өте дарынды, зейінді әрі талантты мамандық иелері болашақта елімізді өркендете түседі, мәдениетімізді дамытады. Бүгінгі күні біз «рухани жаңғыру», «үш тілдік оқу», «қазақ әліпбиінің латын әліпбиіне көшуі» ұғымдарын өте жиі естіп жатамыз. Бұл ұғымдардың барлығы Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған негізгі мақсаттарында көрініс тапқан.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы - ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Әрине, Елбасымыз бұған дейін де тың бастамалар көтеріп, серпінді ойлар айтқан болатын. Алайда бұл мақаланың жөні бір бөлек екенін бәріміз де сеземіз... Елбасын ел руханиятына шұғыл бет бұрғызған Қазақстан үшін қауіпті күштердің көбейе түсуі ме? Ол қандай күштер? Біріншіден, ол – экстермизм, діни жат ағымдар, ұлтты өзінің ұлттық келбетінен айырып, тілі мен ділінен жеріндіретін мультимәдениеттердің көші. Қазақ зиялыларының осы күнге дейін «Бізге ұлттық идеология керек» деп зар қақсауының себебі де осындай келеңсіз жайттарды ерте бастан көре білгенінен шығар? Екіншіден, қазақ ұлты жан санының артуымен бірге ұлттық мақсат-мұрат жолында тас-түйін болып біріге алатын қуатты күшке айналғанын күн сайын дәлелдеуде. Халықтың сондай күшке айналғанын біз былтырғы Жер мәселесінде көріп отырдық. Бұл жайт та Елбасын ұлтты рухани тұрғыдан жаңғырту қажет деген ойға жетелеуі мүмкін.

Елбасымыздың мақаласында «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін де, ұстаздар үшін де маңызы зор. Себебі білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Себебі ХХІ ғасырдың ұрпағы сандық әлемге етене енбесе, Кеңестік кезеңнің дәмін татқан буынның икемі бірден келе бермейді. Басты талап меңгеру. Қай жағынан келсе де кез келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Мақалада көрсетілген орындалу керек міндеттердің бәрі дерлік ел жастарының

алдында тұрған міндеттер. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Елбасының «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық.

Рухани жаңғыру аясында өткізілмек жобалар өз жұмысын бастап та кетті: соның бірі - еліміздің дамуына үлес қосып отырған жаңа тұлғалардың ел үшін жасаған жақсылықтарын насихаттайтын «Еліміздің 100 жаңа есімдері» бағдарламасын мен отбасыммен жиі көремін. Жаңа тұлғалар арасында мүмкіндігі шектеулі адамдардың да кездесетіні, бұл аяулы жандардың басқа түскен қайғыға қарамастан, өздеріне деген сенімін жоғалтпай, алдарына қойған мақсаттарына жету үшін өте батыл қадамдар жасағаны әр көрерменнің ішкі жан – дүниесін толқытпауы мүмкін емес. Ал танымал жұлдыздарымыздың қазақ күйлерімен, ұлттық әндері және мың бұралған билерімен бүкіл әлемді тамсандыруы ата-бабамыздан жеткен халық мұрасының халқымыз үшін киелі, қасиетті екенін көрсетпей ме? Ұлттық сана ұғымы тек тіл, өнер, мәдениет немесе тарихи ғана ұғым емес, ол- біздің келбетіміз, бет-бейнеміз, біліміміз, дүние танымымыз, қабілетіміз, тұрмысымыз бен экономикалық дамуымыз, ел болуымыз, мемлекетімізді қорғай білуіміз, дүниежүзілік қоғамдастықта бәсекеге лайық іс-әрекетіміз, әлем дәрежесіне өсуіміз емес пе?

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Ұлт болашағы – білімді жастар қолында», - деп жас ұрпаққа, сол жастарды биіктерге жетелейтін ұстаздарға зор үміт артады. Біз туған еліміздің мәдениетінің өркендеуін, дүниежүзінде мәртебелі орынға ие болуын жан – жүрегімізбен қалаймыз. Қазақстанымыз – ата – бабамыздың киелі жері – болашақ ұрпақ мекені күннен – күнге көркеюде, рухани жаңғыруда, өркениеті дамуда, жаңаруда, алайда жаңалыққа қадам басу жолында ең алдымен ұлттық құндылықтарымызды бағалап, ұлттық мәдениетімізді сақтай білуіміз керектігін ұмытпағанымыз жөн деп ойлаймын. Себебі ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Сондықтан да болашақ жастарға, әріптестеріме айтарым - Елбасымыз атап өткендей, бұл өнегелі істің жүзеге асырылуына қойылған міндеттер мен мақсаттарды ұлттық мәдениетімізді құрметтей отырып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара, бір ел, бір қауым болып атқаруға неге ат салыспасқа? Бұл - біздің қолымыздан келетін іс!